

Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Диев ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

Қостанай облысы Әулиекөл ауданы мәслихатының 2023 жылғы 1 қарашадағы № 76 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономикасы министрінің 2023 жылғы 23 маусымдағы № 122 "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" бүйрығына сәйкес Әулиекөл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Диев ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Диев ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың төрағасы

Д. Қойшыбаев

Мәслихаттың

2023 жылғы 1 қарашадағы

№ 76 шешіміне

1-қосымша

Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Диев ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. 1. Осы Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Диев ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономикасы министрінің 2023 жылғы 23 маусымдағы № 122 "Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бүйрығына сәйкес әзірленді және Диев ауылдық округінің тұрғындарының жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бөлек жергілікті қоғамдастық жиыны – ауылдар тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысусы;

2) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін ауылдар аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы.

2-тарау. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізуудің тәртібі

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін ауылдық округтің аумағы учаскелерге (ауылдарға, көшелерге) бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Ауылдық округ әкімі ауылдар шегінде жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын шақырады және ұйымдастырады.

Шағын аудан немесе көше шегінде көппәтерлі үйлер болған кезде көппәтерлі үйдің бөлек жиындары өткізілмейді.

6. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы жергілікті қоғамдастықтың халқын ауылдық округ әкімі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабардар етіледі.

7. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын ашудың алдында ауылдардың қатысып отырган тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Кәмелетке толмағандардың, сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдардың, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру органдарында ұсталатын адамдардың жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысуына жол берілмейді.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауылдық округте тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын ауылдық округ әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Ауылдық округ әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жергілікті қоғамдастық жиынының төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыс беру арқылы хатшы сайланады.

9. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Әулиекөл аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының қатысушылары ұсынады.

10. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп дауысын жинаған кандидаттар сайланды деп есептеледі.

Егер жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында дауыс беру кезінде қатысушылардың дауыстары тең бөлінген жағдайда, бөлек жиынның төрағасы шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

11. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынның хаттамасына төраға мен хатшы қол қояды және бөлек жиын өткізілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде жиын хатшысы тіркеу үшін Диев ауылдық округ әкімінің аппаратына береді.

Жергілікті қоғамдастық жиыннанда немесе жергілікті қоғамдастық жиналысында хатама жүргізіледі, онда:

1) жергілікті қоғамдастық жиынның немесе жергілікті қоғамдастық жиналысында өткізілген күні мен орны;

2) ауылдық округ аумағында тұратын жергілікті қоғамдастық жиналысына қатысуға құқығы бар жергілікті қоғамдастық мүшелерінің жалпы саны;

3) қатысушылардың саны және олардың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) көрсетілген тізім;

4) жергілікті қоғамдастық жиынның немесе жернілікті қоғамдастық жиналысында төрағасы мен хатшысын тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда);

5) күн тәртібі, сөйленген сөздердің мазмұны және қабылданған шешімдер көрсетіледі.

Мәслихаттың

2023 жылғы 1 кара шадағы

№ 76 шешіміне

2-қосымша

Қостанай облысы Әулиекөл ауданы Диев ауылдық округінің жергілікті қоғамдастықтың жиыннына қатысу үшін тұрғындар өкілдерінің сандық құрамы

№ р/п	Диев ауылдық округінің елді мекендері, көшелер атауы	Өкілдер саны (адам)
1	Диев ауылы	19
	Абай көшесі	2
	Алтынсарин көшесі	2
	Баймағамбетов көшесі	2
	Байтұрсынов көшесі	2
	Бигелдинов көшесі	1
	Гагарин көшесі	1
	Комсомольская көшесі	1
	Ленин көшесі	2
	Майлин көшесі	1

	Мамедов көшесі	1
	Мұратбаев көшесі	1
	Мир көшесі	1
	Нечепуренко көшесі	1
	Рыскұлов көшесі	1
2	Үшқарасу ауылы	3
3	Қоскөл ауылы	3
4	Село Косагал	9
	Казахская көшесі	1
	20 лет Целины көшесі	1
	Гагарин көшесі	1
	Комсомольская	1
	Мир, Новая көшелері	1
	Пер.Восточный, Пришкольная, Приэлеваторная көшелері	1
	Степная, Строительная, Юбилейная көшелері	1
5	Қ.Тұрғымбаев атындағы ауыл	6
	А.Молдагұлова, Абай көшелері	1
	Алтынсарин, Әуезов көшелері	1
	Баймағамбетов, Байтұрсынов көшелері	1
	Больничая, Бураншин, Колос көшелері	1
	Майлин, Молодежная, Озерная, Школьная көшелері	2
	Барлығы	40

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК